

М.Е.Балғожина

ҚР ИМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы
(E-mail: maigul.balgozhina@mail.ru)

Қайталап жасалатын қылмыстылық детерминаттары

Мақалада қайталап жасалатын қылмыстылық детерминаттары, сондай-ақ тұлғалардың қайталап қылмыс жасауына итермелеуші факторларға адамның сотталғанға дейін өмір сүрген жағымсыз ортасы, қылмыстық іс жүргізудегі кемшіліктер, бас бостандығынан айыру орындарындағы ұсталу жағдайлары мен босап шыққаннан кейінгі әлеуметтік бейімделу проблемалары қарастырылған. Автор пенитенциарлық қылмыстардың қайталануына ықпал етуші факторларды шартты түрде топтастыра отырып, сотталғандармен жұмыс істеу барысында оларды есепке алу — жаңа қылмыстар жасауды ескертудің бір жолы екендігін белгілейді. Мақала шеңберінде ғылыми ізденуді жетілдіру бойынша өз ұсыныстарын тұжырымдауға әрекет жасайды.

Кілт сөздер: қайталап жасалатын қылмыстылық, сотталғандар, бас бостандығынан айыру, әлеуметтік бейімделу, қылмыстылықты ескерту, айдауылсыз жүріп-тұру, қылмыстық әлем беделділері, жеке тұлғаға қарсы қылмыстар, қылмыс мотиві, кәсіби қылмыс.

Қайталап жасалатын қылмыстылықпен күресу — жалпы қылмыстылықпен күрес жүргізудің алдыңғы бағыттарының бірі. Сондықтан қайталап жасалатын қылмыстылықпен күрес жүргізу, ғылыми тұрғыдан қайталап жасалатын қылмыстылықты ескертудің тиімді жолдарын іздестіру, бірнеше мәрте қылмыс жасаған тұлғаларға нақты қылмыстық-құқықтық әсер ету шаралар кешенін қарастыру жалпы қылмыстылықты ескертуге қосқан үлеспен бірдей.

Қылмыстық құқық пен криминология теориясында қайталап жасалатын қылмыстылық себептері жалпы қылмыстылық себептерімен тығыз байланысты деген пікір мойындалуда. Сондықтан қайталап жасалатын қылмыстылық проблемаларын криминологиядағы себептіліктің негізгі параметрлерінсіз қарастыру мүмкін емес.

Қылмыстылық детерминаттары проблемасы — криминология ғылымындағы ең басты және күрделі мәселелердің бірі.

Қылмыстылық себептері проблемасына көптеген фундаменталды еңбектер арналған. Кеңестік криминология ғылымының қылмыстылықты ескерту жалпы теориясына Г.А.Аванесов, Ю.М.Антонян, М.М.Бабаев, А.А.Герцензон, П.С.Дагель, И.И.Карпец, М.И.Ковалев, Н.Ф.Кузнецова, В.Н.Кудрявцев, Н.С.Лейкина, А.Б.Сахаров, Л.И.Спиридонов, Н.А.Стручков, С.А.Тарарухин, В.Д.Филимонов, М.Д.Шаргородский, А.С.Шляпочников, А.М.Яковлев сияқты ғалымдар өз үлестерін қосты.

Бұл мәселеге қатысты ғалымдардың пікірлері әр түрлі. Бір авторлар адамзат қоғамында қылмыстылықтың әлеуметтік проблемаларын жоққа шығарса, басқалары тек әлеуметтік проблемаларды ғана мойындайды.

«Кез келген қоғамдағы қылмыстылықтың жалпы себебі — объективті әлеуметтік қарама-қайшылықтар», — десе [1], Н.Ф. Кузнецова: «...толық себептілік қылмыстылық туғызушы әлеуметтік құбылыстардың сипаты мен механизмі бойынша әр түрлі әрекеттер жиынтығын құрайды», — дейді [2], ал қайталап жасалатын қылмыстылықтың негізгі себептері мен жағдайларын зерттеуге өз үлестерін қосқан отандық криминолог-ғалымдар Е.И. Қайыржанов пен Б. Нақыпов та қылмыстылық (қайталап жасалатын қылмыстылық та) себептері мен жағдайларын әлеуметтік қарама-қайшылықтар шиеленісіне талдау жасау жолымен ашу қажет деген қорытындыға келеді [3]. Қылмыстылық себептеріне барлық деңгейлерде талдау жасау объективтік және субъективтік сипаттағы құбылыстарды есепке алу қажеттілігін көрсетеді. Бұл туралы А.А. Герцензон: «Қылмыстың жасалу себебінің алуан түрлілігіне қарамастан, оларды төмендегідей екі топқа бөлуге болады:

1. Сыртқы (объективті) сипаттағы себептер мен жағдайлар.

2. Ішкі (субъективті) сипаттағы себептер мен жағдайлар» [4]. Сөйтіп, автор бірінші себептерге адамның тәрбиесі мен тұрмыстық, еңбек жағдайын жатқызса, екінші себептерге оның ішкі болмысын жатқызады.

Сөйтіп, біздің пікірімізше, қылмыстылық себептері әлеуметтік құбылыс ретінде қоғам дамуындағы қарама-қайшылықтардан байқалады. Осы проблемаға қатысты түрлі пікірлерді

жалпылама қарастыра отырып, қылмыстық мінез-құлық себебі ретінде қарама-қайшылық концепциясы әмбебап сипатқа ие деген пікірге келеміз. Философияда себеп дегеніміз — басқа құбылысты туындататын құбылыс немесе құбылыстар жиынтығы. Алайда себеп белгілі бір салдарлар мүмкіндігін ғана туғызатындықтан, себептің тууы үшін жағдай да қажет. Жағдайлар өздігінше себептерді туындата алмайды, дегенмен белгілі бір жағдайларда себептер әрекетін жүзеге асыруға ықпал етеді.

Әлеуметтік құбылыстар себебі, оның ішінде қылмыстылық себебі түрлі негіздерде өріс алып, түрлі себептерге әкеледі.

Сонымен қатар әлеуметтік өмір саласындағы себептік байланыстың әмбебап ерекшелігі олардың көп жағдайда адамдар әрекетінің мотиві мен мақсаты қалыптасатын сана арқылы өтетіндігінде болып табылады. Адам санасындағы объективті өмір шындығы мақсат болжамына әкеледі [5].

Криминологияда себептілікке себеп, жағдай, салдар, себеп пен салдар арасындағы байланыс және салдар мен себеп арасындағы кері байланыс жатады.

Сөйтіп, себептік байланыс — бұл құбылыстың пайда болуы көрініс табатын заңды өзара байланыстардың айрықша нысаны. Алайда себептермен қатар жағдайлар да бұл процестің оперативті факторлары болып табылады. Бұл түрлі қоғамдық қатынастарда бір құбылыстың себеп те, жағдай да болып саралануымен байланысты.

Сонымен себеп пен жағдай арасында ұқсастықтар мен айырмашылықтар бар екендігі белгілі болды. Бұл туралы Г.А. Аванесов былай дейді: «Әрекеттері мен өзара әсері жаңа құбылыстар туындатып, оның себептері болатын белгілі жағдайлар немесе олардың жиынтығына әкелетін көптеген жағдайлар туралы айтуға болады. Мысалы, арамтамақтық пен қаңғыбастық маскүнемдікке әкеліп, сол негізде көптеген қылмыстар жасалып, маскүнемдік пен осы қылмыстардың себебі болады. Бірақ осымен қатар құбылыстың пайда болуында рөл ойнайтын басқа жағдайлар себеп процесіне тікелей енбей, жағдай болып қала береді. Мысалы, мигранттардың орналастырылмауы арамтамақтық, қаңғыбастық пен маскүнемділікке әкеледі. Осылардың негізінде және басқа себептерді есепке ала отырып, қылмыстар жасалады. Алайда бұл жағдай (мигранттардың орналастырылмауы) бұл қылмыстар себебіне жатпай, жағдайы болып қала береді [6]. М.Д. Шаргородский қылмыстылық себебі туралы: «Қылмыстылық себептері деп осы сөздің кең мағынасында онсыз пайда болып, өмір сүре алмайтын барлық жағдайларды санауға болады. Алайда бұл жағдайлардың рөлі бірдей емес. Біреулері қылмыстық мотивтің шынайы мүмкіндігін жасаса, басқалары бұл мүмкіндікті шындыққа айналдырады. Сондықтан біріншісін жағдай ретінде, ал екіншісін себеп ретінде қарастырған жөн... Қылмыстылық себептері өз әрекеттері арқылы себепті туындататын белсенді күштер болып табылады. Нақты қылмыстылық себептері — бұл субъектілердің оны жасауға деген қызығушылықтары мен мотивін тудыратын белсенді күштер» [7]. Егер проблемаға осы жағынан келсе, қылмыс жасау себептері мен жағдайлары арасында айырмашылықтың бар екендігін көреміз. 1997 жылы В.Н. Кудрявцев пен В.Е. Эминовтың редакциялауымен шыққан «Криминология» оқулығында қайталап жасалатын қылмыстылық туғызушы себептер мен жағдайларды төмендегідей топтарға бөледі: бірінші соттылыққа дейін орын алған және жазасын өтеген соң да өмір сүріп, жаңарып отыратын жағдайлар; қылмысты қайталап жасаушы тұлғаларға қатысты қылмыстық істерді тергеу, жаза тағайындау және атқару кезіндегі құқық қорғау органдары қызметіндегі кемшіліктер; жазасын өтеуден босаған тұлғалардың әлеуметтік бейімделуіндегі қиындықтар.

Бірінші топ — бұл жағымсыз ортаға (соның ішінде криминогенді отбасына) оралу, қоғамға қайшы үлгіде өмір сүретін тұлғалармен байланысын жаңарту. Сонымен қатар қылмыс жасап жүрген, жазасын өтеп, қылмысты қайталап жасаушы тұлғалармен жаңа байланысқа түсу.

Екінші топ — бұл жасалған қылмысқа уақытымен әрекет етпеу, қылмыстық іс қозғаудағы баяулық, бұлтартпау шарасын қолданудағы дәрменсіздік, жасалған қылмыс жағдайларын жан-жақты, толық және объективті зерттеу заңдылығы талаптарын бұзу.

Үшінші топқа бірінші кезекте сотталғанды қоғамнан оқшаулаудың жағымсыз салдары жатады. Олар: сотталғанды қоғамның қалыпты өмір жағдайынан шығарып тастау; әлеуметтік-пайдалы байланыстарын әлсірету немесе жою; бас бостандығынан айыру жағдайы мен режиміне өзінше көндігу және бас бостандығынан айыру орнынан босап шыққаннан кейінгі соған байланысты қиындықтар, ұзақ уақыт қамауда ұсталуына байланысты психикалық бұзылушылықтар; қылмыскерлердің бір-біріне қылмыстық ортаның салт-жоралғыларын таңуы және таратуы [1; 226].

Осы үшінші топта көрсетілген жағдайлардың жалпы адамның қылмысты қайталап жасауына итермелеуші әсері зор деп санаймыз. Себебі, тәжірибе көрсетіп отырғандай, бас бостандығынан

айыру орнына түскен адам заңнамаға сәйкес, жаза мақсаттарының тиісінше қанағаттандырылуын қамтамасыз етіп, түзеліп шықпай, керісінше, сол ортаның жағымсыз әсеріне бейімделіп, қылмыстық жолға түсіп немесе қылмыс жасау тәжірибесін байытып шығады деп ойлаймыз.

Пенитенциарлық қылмыстардың қайталануына ықпал етуші факторларды шартты түрде төмендегідей топтастыруға болады:

1. Сотталғандарды еңбекпен қамтамасыз ету жағдайындағы кемшіліктер. Мұның мәні — еңбекпен қамтамасыз етілген сотталғандардың жыныстық қылмыстар мен түрлі зорлық әрекеттер жасауға бейім тұлғаларының оқшаулануға мүмкіндігі бар өндірістік орындарға жұмысқа орналасуы. Нәтижесінде қылмыскерлер мұндай өздері үшін оң мүмкіндіктерді пайдаланады.

2. Сотталғандардың тұрғын жайларда, айыптық оқшаулау орны мен камералық үлгідегі жайларда дұрыс орналастырылмаулары. Түзеу мекемесі (бұдан әрі — ТМ) әкімшілігінің сотталғандардың мінез-құлық, жас ерекшеліктерін және криминалдық тәжірибелері мен басқа да тұлғалық ерекшеліктерін есепке алмаулары. Бұл жағдай көбіне тәжірибелі агрессивті қылмыскерлердің бас бостандығынан бірінші рет айрылған сотталғандармен, белсенділердің белсенсізбен орналасулары болып табылады. Белсенді тұлғалар мұндай мүмкіндіктерді пайдалана отырып, тұрақсыз тұлғаларды жыныстық қатынастарға бейімдейді немесе жыныстық қатынасқа мәжбүрлейді.

3. ТМ әкімшілігінің жазаны өтеу режимін қамтамасыз ету саласындағы кемшіліктер мен олардың негізгілері:

– тұрғын жаймен қатар өндіріс аймақтарындағы сотталғандарға жасалатын қадағалаудың әлсіздігі. Әкімшілік тарапынан бақылаудың төмендігін пайдалана отырып, режимді қасақана бұзушылар құмар ойындар ұйымдастырып, спирттік ішімдіктер пайдаланады және сатып алады, қылмыс немесе жыныстық қатынас жасауға ыңғайлы жерге оқшаулану үшін тұрғын жай мен жұмыс орындарын қалдырып кетеді;

– кейбір сотталғандарға олардың жүріс-тұрыстарын бақылауды қиындатушы коммуналдық-тұрмыстық және басқа да оқшауланған жайларда (кітапхана, клубтар, мектептер мен т.б.) тұруларына рұқсат беру;

– сотталғандардың ұйықтау орындары бойынша тұрғын секцияларда дұрыс орналасу жағдайларына бақылау жасалмайтындығы;

– шатырлар мен жертөлелерде сенімді жабу құралдары мен дабыл құралдарының болмауы және тұрғын аймақ пен өндіріс аймақтарындағы жарықтың аздығы.

4. Сотталғандармен жүргізілетін тәрбие жұмыстары деңгейінің төмендігі:

а) бұл жұмыста сараландыру мен жекелей жұмыс істеудегі кемшіліктер байқалады, мысалы, ұрылар мен адам өлтірген қылмыскерлерге тәрбиелік әсер ету шараларында айырмашылық жоқ;

ә) түзеу мекемесінде отырған сотталғандардың қылмыстық әрекеттері немесе ниеттері туралы тәрбие бөлімі тарапынан сирек анықталады, мінез-құлықтың криминогенді механизмдері туралы қызметкерлердің, әсіресе жасақ бастықтарының тіптен жалпы түсініктері де болмайды;

б) сотталғандардың өз ұжымдарында криминогенді факторлардан арылудың позитивті мүмкіндіктері пайдаланылмайды. Қоғамдық ұйымдар мен түзеу мекемесінен тыс жерлердегі мәдени ұйымдардың да профилактикалық мүмкіндіктерді пайдалануы туралы да соны айтуға болады;

в) аталған мекемелердің қызметкерлерінің қылмыскерлерге психологиялық-педагогикалық әсер ету тәсілдер мен дағдылары жоқ. Психологиялық ақпараттарды педагогикалық мақсаттарда тиісті профилактикалық деңгейде пайдалана алмайды;

г) түзеу мекемесі қызметкерлерінің өз көмектері мен қолдауларын қажет етуші сотталғандарға көмектесуге бөлетін уақыттары жоқ, мысалы, жасақ бастықтарының жасақта ұсталатын сотталғандар санының көптігіне байланысты олардың әрқайсына уақыт бөлуге шын мәнінде мүмкіндігі жоқ.

5. Түзелу жолына түспеген сотталғандарды қоныс-колонияларға ауыстыру немесе толық зерттеліп болмаған сотталғандарға айдауылсыз жүріп-тұру құқығын беру және олардың мінез-құлықтарына бақылау жасау әлсіздігі. Осы кемшіліктер нәтижесінде сотталғандардың ТМ оқшауланған аудандарда түрлі қылмыстар жасауына ықпал етуші жағдайлар туындайды. Өздерінің мінез-құлықтарына жасалатын бақылаудың әлсіздігін пайдаланатын сотталғандар жүріп-тұру бағыттарын өзгертіп, жақын орналасқан елді мекендерге барып, спирттік ішімдіктер ішеді, әйел зорлау мен басқа да қылмыстар жасайды. Сотталғандардың әлеуметтік ортасы да мұқият зерттеуді қажет етеді. Ең жоғарғы криминалды әлеует бас бостандығынан айыру түріндегі жаза өтеушілерге

тән құбылыс. Оның криминогенді болу себебі адамды күнделікті өмір жағдайынан мәжбүрлі түрде шығарумен байланысты.

Түзеу мекемелерінен босап шыққандардың 30–35% өмірге бейімделу механизмдерін қалпына келтіру үшін арнайы психологиялық немесе психиатрлық көмекті қажет етеді [8]. Бас бостандығынан айыру орындарында сотталғандар арасында өзара криминалды «жұқпалы дерт» бар. Ол — түрме салтын ұстану.

Сотталғандар арасында жасалатын қылмыстардың басым көпшілігі абақты заңдарын бұзғаны үшін формалды емес санкциялар қолдану түрінде көрініс табады (73%). Көбіне бұл санкциялар (47%) түзеу мекемесі әкімшілігімен қарым-қатынастағы сотталғандарға қолданылады. Қылмыстың 12% қарым-қатынас жасауға тыйым салынатын «төмендетілген» сотталғандармен байланыста болғаны үшін. Қылмыстың шамамен 18 % қарызды қайтарып алу мақсатында жасалады [9]. ТМ-нің формалды емес заңдарының сақталуына олардың жұмыспен қамтамасыз етілмеулері ықпал етеді. Сотталғандардың еңбек етулерінде еріктілік элементі жоқ, әрі жұмыс түрін таңдау құқылары да жоқ, ал еңбектен бастарту тәртіптік теріс қылық деп саналады. Ал сотталғандардың шартты мерзімнен бұрын босаулары үшін еңбекке деген қарым-қатынас міндетті болып табылады. Бас бостандығынан айыру орындарындағы қылмыстық орта дәстүрлерін белсенді түрде ұстанушылар мазмұны бойынша қылмыстық әлемнің әлеуметке қарсы «заңдарын» насихаттаушы құқықбұзушылардың ерекше типі болып табылады. Криминалдық элементтер арасында қоғамға қайшы дәстүрлердің тарауына ықпал етуші себептер мен жағдайлардың терең тарихи тамырлары болып, бұл құбылыстар «басқаша өмір» суретін жеке топтар өмірімен тығыз байланысты. Бұрмаланған өмірлік құндылықтарға негізделген жасырын «басқаша өмір» пенитенциарлық мекемелер жүйесінің режимдік-оқшаулау жағдайында сотталғандардың түзелу процесі тиімділігінің төмен болуының басты себебі болып табылады. Бұл процесті ынталандыру үшін түрлі сипаттағы проблемалардың кең спектрін шешу қажет. Енді төмендегі кестедегі көрсеткіштерге көңіл бөлер болсақ, келесі статистикалық мәліметтер аламыз.

К е с т е

**Қазақстан Республикасында 2010–2014 жылдар аралығында
қайталап жасалған қылмыстардың үлестік салмағы**

Жылдар	Жалпы қылмыстылық саны	Бұрын сотталғандар тарапынан қайталап жасалған қылмыстылық	Үлестік салмағы, %
2010	143550	13077	15,4
2011	146347	11908	13,9
2012	141271	10428	12,1
2013	128064	8779	10,7
2014	127478	8407	10,2

Жалпы қылмыстылықпен салыстырғанда, қайталап жасалатын қылмыстылық көрсеткіштері соншалықты көп те емес сияқты, дегенмен мұндай қылмыстар тұрақты және жүйелі сипатқа ие болуымен қауіпті. Сонымен қатар сотталғандар жасаған қылмыстарды есепке алу жүйесі субъективтік сипатқа ие екендігін де ұмытпаған жөн. Оның төмендегідей объективті себептері бар:

– біріншіден, статистикалық мәліметтердің кез келген саны латентті емес, тек тіркелген қылмыстарды көрсетуі;

– екіншіден, құзыретті органдардың қылмыстылық көрсеткіштерін көтермеуге ұмтылуы. «Қылмыстылықтың тек статистикалық болмысын негізге алу демек, істің шынайы жағдайын талдаудан кету және қылмыстылық статистикасының мысал үшін туу және өлім статистикасынан айырмашылығы бар екендігін есепке алмау. Соңғысы туу немесе өлімге байланысты фактілердің әрқайсын тіркесе, қылмыстылық статистикасы біршама бағалаушылық сипатқа ие» [10]. Сондықтан бұл жерде қылмыс латенттілігінің де болу мүмкіндігін естен шығармаған жөн.

ҚР Президентінің 25 қыркүйек 2006 жылғы № 906 Жарлығы бойынша Қазақстан Республикасының 2007–2015 жылдарға арналған қылмыстық-атқару саясатын жетілдіруге байланысты Концепциясы мақұлданып, оның 4.2 пунктінде қылмыстық-атқару жүйесі қызметін әрі қарай жетілдіру туралы айтылған «...қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде қылмыстық әлем дәстүрлерімен күрес жүргізудің құқықтық және ұйымдастырушылық жағдайларын жетілдіру

шеңберінде криминалды ортада беделге ие сотталғандар тобының түзелуіне тиімді әсер ету шараларын қабылдау қажет. Сондай-ақ сотталғандардың кейбір категорияларын қылмыстық орта «беделділері» мен ұйымдасқан қылмыстық топ көшбасшыларының құқыққа қарсы әрекеттерінен қорғауды қамтамасыз ету қажет [11].

Алайда қазіргі қолданыстағы ҚР қылмыстық заңында осы уақытқа дейін түзеу мекемесінде ұсталатын сотталғандар арасында өздері үшін паразиттік өмір салты құқығын белгілеп алып, бас бостандығынан айыру орындарында «ортақ ақша жинау», құмар ойындар ойнау, төлеу мүмкіндігі жоқ қарызгерлерден ақша талап ету сияқты қылмыстық дәстүрлерді таратушы құқықбұзушылар жауапкершілігін қарастырушы баптың жоқтығын айтуға болады. Себебі олар өздерінің құқыққа қайшы әрекеттері үшін ешқандай қылмыстық-құқықтық баға алмайды. Мұндай әрекеттер бас бостандығынан айыру орындарында қасақана жасалатын қоғамдық қауіпті әрекет ретінде қарастырылатын жалғасушылық сипаттағы құқықбұзушылық жиынтығының айрықша түріне жатады. Олардың кейбірі теориялық тұрғыдан белгілі бір қылмыс белгісіне жатса, өз сипаты, ең бастысы бағыты мен салдары бойынша заңда қарастырылғаннан қауіпті болып табылады.

Аталмыш проблеманы «ТМ ұсталатын сотталғандар жасайтын қылмыстардың алдын алу проблемалары» тақырыбында өткізілген дөңгелек үстелде «Біліктілігін арттыру және қайта даярлау факультетінде» жоғары аттестациялау курсына келген практик-қызметкерлер де көтеріп, дөңгелек үстел қорытындысы бойынша жасалған ұсыныстарда бұл проблемаға әсер етудің құқықтық тетігін әзірлеу туралы айтылды.

Шын мәнінде, қоғамға қайшы әрекеттердің барлық әдіс-тәсілдерін реттеуші жетілдірілген заң жасау мүмкін емес шығар, себебі онда бәрібір қандай да бір проблемалар туындайды. Бұл мәселелердің шешімі параллельді түрде барлық құқыққорғау органдары жүйесі мен түзеу мекемелерінің үйлесімді жұмысы болуға тиіс. Бұл науқастылықтың негізгі емі қылмыстық саясат шегінен тыс жерде жатқан қоғамымыздың әлеуметтік-экономикалық және имандылық сауығуы болып табылады. Осы негізде біз ұсынатын шаралар бас бостандығынан айыру орындарында кәсіби қылмыскерлер тарататын жағымсыз құбылыстармен күресуді жетілдіру бойынша ұсыныстар кешеніне қосылған қосымша болып табылады. Е.Абиканов өз еңбегінде құқықтық және ұйымдастырушылық шаралардың төмендегідей кешенін ұсынады:

1) әлеуметке қарсы дәстүрлер мен олардың құқыққа қайшы әрекеттерін ұстанушыларды табу және есепке алу;

2) түзеу мекемелерінде ұсталатын қылмыстық дәстүрлерді таратушы «беделділерді» сотталғандардың басым бөлігінен оқшаулау;

3) қарастырылып отырған құқықбұзушыларға қатысты олардың түзелуіне тиімді әсер ету (жаза қолданумен байланыссыз);

4) бас бостандығынан айырылғандар ортасында қылмыстық әлем «заңдарын» таратушы «беделділер» тобының мүшелеріне ескерте әсер ету;

5) сотталғандардың жеке категорияларын «беделділердің» құқыққа қайшы әрекеттерінен құқықтық қорғау [12]. Е. Абикановтың пікірі бойынша, ол ұсынған шаралар кешеніндегі бірінші элементі әлеуметке қарсы дәстүрлер мен олардың құқыққа қайшы әрекеттерін ұстанушыларды табу және есепке алу болып табылады. Бұл процестің өте күрделі екендігін айта отырып, оны төмендегі жағдайлармен байланыстырамыз.

Біріншіден, қылмыстық әлем өкілі өзінің құқыққа қайшы әрекеттерін жасырын ұстап, әдетте олар ұйымдастырушылар мен айдап салушылар рөлін атқарады. Ал атқарушылар, куәлер мен жәбірленушілердің «беделділер» тарапынан болатын қоқан-лоққыдан қорқатындықтан, қандай да бір мәліметтер беруден бастартады. Егер оларға заң жүзінде режим талаптарын бұзғаны, құқықбұзушылық жасағандары, айғақ беруден бас тартқандары үшін оларға сөгіс, айыптық оқшаулау орнына қамау немесе бас бостандығынан айыру мерзімін ұзарту сияқты жаза түрлері қолданылса, «қылмыстық дәстүрлерді ұстанушылар» талабын орындаудан бас тартқандары үшін оларға ауыр соққыға жығу немесе өлім сияқты жазалар қолданылады.

Екіншіден, қылмыстық орта дәстүрлерін белсенді түрде ұстанушыларды табу түзеу мекемесінде ұсталушылар санының лимиттен асып кету және сотталғандар құрамының тұрақсыздығы жағдайында болады.

Қарастырылып отырған шаралар жүйесіндегі келесі маңызды қадам түзеу мекемелерінде ұсталатын қылмыстық дәстүрлерді таратушы «беделділерді» сотталғандардың басым бөлігінен, әсіресе олардың қолдауына ие болғандардан оқшаулау болып табылады. Мұны құқықбұзушылармен

күресуге бағытталған бай тарихи тәжірибе де дәлелдеуде. Тәжірибеде оларға қатысты қолданылатын жазаларды екі топқа бөлуге болады: сотталғанның сол түзеу мекемесіндегі жүріп-тұру бостандығын шектеуші жазалар мен басқа түрдегі түзеу мекемесіне ауыстыру түріндегі жазалар. Алайда «беделдіні» айыптық оқшаулау орнына қамау, камералық үлгідегі жайға ауыстыру (айрықша режимдік түзеу колониясындағы жалғыз адамдық камераға) оның өзге сотталғандарға тигізер жағымсыз әсерін жоймайды. Осыған байланысты «ұрылар» мен «қараушыларды» түрлі құқықбұзушылық жасағаны үшін ауыстыру олардың өзге сотталғандардан қоғамдық қауіптіліктері бойынша айырмашылықтары барын көрсетеді. Бір жағынан, «беделділерді» түрмеде ұстау олардың түзеу мекемелеріндегі одақтастарымен қарым-қатынастарын қысқартып, «әдеттегі» қылмыстық элементтердің өзге сотталғандарға тікелей әсер етуін ұйымдастыруға жағымды жағдайлар жасалады. Бұл жерде қолданылатын шараның артықшылығын атап кеткен дұрыс. Осы мәселені басқа қырынан қарастырар болсақ, бұл еліміздің түрлі аймақтарынан келген «беделділердің» жасанды түрде біріктірілуі болып табылады. Алайда бұл жағдай бірқатар жағымсыз құбылыстарға әкеп соқтырады: біріншіден, қылмыстық ортада лидерлік үшін күрес басталып, олардың арасында «тазарту» жүргізіле бастаса, екіншіден, «беделділер» қылмыстық әлем «зандарын» жетілдіріп, өз қоғамдастық мүшелерінің ақылдаса отырып, бір бағдарлама бойынша әрекеттесуіне мүмкіндік туады және ең соңында олардың түрмеде жазаларын өтеп жатқан өзге сотталғандарды қоғамға қайшы әрекеттерге тарту үшін үлкен мүмкіндіктер туындайды.

Бас бостандығынан айыру орнында жазаны осылайша өтеу жүйесінде жұмыспен қамтамасыз етілмеу сотталғандар жағдайын қиындатып, оларды криминогенді факторларға итермелейді.

Бас бостандығынан айыру орындарында жасалатын қылмыстар көбіне адам өлтіру, ұрлық, тонау, денеге зақым келтіру, бұзақылық және жазаны өтеуден жалтару, түзеу мекемесі қызметі мен қызметкерлері жұмысына кедергі жасау, сотталғандарды ұстауына тыйым салынған заттарды алу, жыныстық эксцестер, сотталғандардың жаппай қылмыстық әрекет жасаулары сияқты бас бостандығынан айыру орындарына тән әрекеттер [13].

Қазақстан Республикасы қылмыстық-атқару жүйесін стратегиялық реформалау шеңберінде сотталғандарды камераларда ұстауға көшуге ниет білдіруде. Себебі түзеу мекемелерінде қылмыстың жасалуына ықпал етуші факторлардың бірі пенитенциарлық қайталанып жасалатын қылмыстар мен ауыр және аса ауыр қылмыс жасағандардың концентрациясының жоғарылығы болып табылады. Сондықтан сотталғандарды камераларда ұстауға ауыстыру, біздің пікірімізше, бас бостандығынан айыру орындарында адамдардың ізгілікті ұсталуларына мүмкіндік беріп, олардың туберкулезбен ауыру деңгейін төмендетуге және жалпы денсаулық жағдайларын жақсартуына, сондай-ақ қылмысты қайталап жасаушы қылмыскерлердің бас бостандығынан айыру орындарына бірінші рет түскендерге жағымсыз әсерін болдырмауға ықпал етеді. Сотталғандардың қауіпсіз жағдайларда өмір сүруін, адамдардың құқықтары мен бостандығын бұзу фактілерін қысқартуды қамтамасыз етіп, криминалды «беделділердің» өзге сотталғандарға жағымсыз әсері жоғалады. Сөйтіп, бас бостандығынан айыру орындарында отырған сотталғандардың ұсталу жағдайы мен тәртібін концептуалды өзгертіп, түзеу мекемесі түрлері мен құрылымын қайта қарастырып, оны топтастырудың маңызы зор. Ол үшін бас бостандығынан айыру орындарын лагерліктен камералық типке, ал колония-қоныстарды 1–4 адамға дейін ұсталатын жатақханалық типке ауыстыру бұрыннан талқыланып, ғалымдар мен практиктер тарапынан тиімділігі дәлелденгенмен, әлі күнге дейін шешімін таппай жүрген, жауыр болған мәселе. Осы мәселенің оңтайлы шешім табуы пенитенциарлық қылмыстылықтың азаюына ықпал етіп, ол өз кезегінде бірінші рет сотталғандарға рецидивистердің тигізер кері әсерін төмендетіп, оларды кезекті қылмыс жасаудан сақтандырған болар еді.

Біз мақала шеңберінде қылмысты қайталап жасау детерминанттылығын қарастыра отырып, қылмысты қайталап жасаушы тұлғалардың нақты қылмыстар жасауының негізгі басты себебі барлық субъективтік жағдайлар мен қылмыскердің жеке басының психикалық ерекшеліктері түріндегі жиынтық мотивация — тұлғаның қоғамға қарсы бағыттылығы деп санайтын авторлар пікіріне қосыламыз.

Сөйтіп, жоғарыда айтылғандарға қорытынды жасай отыра, қайталап жасалатын қылмыстар себебін жоюдың бір жолы ретінде төмендегідей шаралар қолдануды жөн санаймыз:

1. ҚР ҚК 15-тарауына (сот төрелігіне және жазалардың орындалу тәртібіне қарсы қылмыстар) сотталғандардың түзеу мекемелерінде қоғамға қайшы өмір салтын ұстанғандары үшін қылмыстық жауапкершілік белгілейтін бап енгізудің маңызы зор деп санаймыз.

2. ТМ-нен босап шыққан сотталғандардың қайта қылмыс жасап, ТМ-не қайтып оралмаулары үшін сотталғандарды қайта әлеуметтендіру шаралары тиімділігін арттырып, онда қылмыстық-атқару инспекциясымен қатар, жергілікті атқарушы билік органдарының да қызметтері мен өкілеттіліктерін қарастырған дұрыс.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Криминология: Учебник / Под ред. В.Н. Кудрявцева и В.Е. Эминова. — М.: Юристъ, 1997. — С. 61.
- 2 Криминология: Учебник / Под ред. Н.Ф. Кузнецовой. — М.: Юристъ, 1979. — С. 32.
- 3 *Каиржанов Е.И., Накипов Б.* Рецидивная преступность: состояние и профилактика. — Алматы: Жеті жарғы, 1996. — 232 с.
- 4 *Герцензон А.А.* Вопросы методики изучения и предупреждения преступлений // Вопросы борьбы с преступностью. — 1962. — Вып. V. — С. 23.
- 5 Курс советской криминологии / Редкол.: В.Н. Кудрявцев и др. — М.: Юрид. лит., 1985. — С. 15.
- 6 *Аванесов Г.А.* Криминология и социальная профилактика. — М.: Изд-во Акад. МВД СССР, 1980. — 173 с.
- 7 *Шаргородский М.Д.* Преступность, ее причины и условия в социалистическом обществе. — Л.: Лениздат, 1966. — С. 13.
- 8 *Старков О.В.* Пенитенциарная преступность. Криминология. — М.: Щит-М, 1999. — С. 655.
- 9 *Михлин А.С.* Личность осужденных к лишению свободы и проблемы их исправления и перевоспитания. — Фрунзе: Кыргызстан, 1980. — 150 с.
- 10 *Петров Э.И.* Организация деятельности органов внутренних дел по предупреждению преступлений: Учебник / Под ред.: В.Д. Малкова и А.Ф. Токарева. — М.: Академия управления МВД России, 2000. — С. 122.
- 11 О Концепции совершенствования уголовно-исполнительной политики в Республике Казахстан на 2007–2015 годы / Указ Президента РК от 25 сентября 2006 года № 906. — [ЭР]. Режим доступа: http://adilet.zan.kz/rus/docs/P060000906_
- 12 *Абиканов Е.* Традиции преступного мира // Предупреждение преступности. — 2005. — № 3. — С. 43–46.
- 13 *Хохряков Г.Ф.* Криминология. — М.: Юристъ, 2000. — С. 201.

М.Е. Балгожина

Детерминанты рецидивной преступности

Статья посвящена проблемам детерминантов рецидивной преступности. К факторам, способствующим совершению рецидивной преступности лиц, автор относит негативную среду, в которой находился человек до осуждения, уголовно-процессуальные недостатки, условия содержания в местах лишения свободы и проблемы социальной адаптации после освобождения. Условно классифицируя факторы, способствующие пенитенциарному рецидиву, автор определяет, что учет всех этих факторов в работе с осужденными является одним из путей предупреждения совершения ими новой преступности. В рамках статьи сделана попытка сформулировать предложения по совершенствованию научных изысканий.

M.E. Balgozhina

Determinants of criminal recidivism

This article is devoted to problems of the determinants of criminal recidivism; the author of the factors contributing to the occurrence of criminal recidivism of persons carries a negative environment in which the person was convicted, the criminal procedural deficiencies, conditions of detention in places of deprivation of liberty and the problem of social adaptation after release. The author in his article conditionally rating factors contributing prison recidivism determines that account all these factors in working with prisoners is one of the ways warnings they commit a new crime. The author in the article an attempt is made to formulate proposals for the improvement of scientific research.

References

- 1 Criminology: Textbook, edit. V.N. Kudryavtsev, V.E. Eminov, Moscow: Yurist, 1997, p. 61.
- 2 Criminology: Textbook, edit. N.F. Kuznetsova, Moscow: Yurist, 1979, p. 32.
- 3 *Kairzhanov E.I., Nakipov B.* *Recidivism: state and prevention*, Almaty: Zheti zhargy, 1996, 232 p.

- 4 Gertsenzon A.A. *The fight against crime*, 1962, p. 23.
- 5 *Course Soviet Criminology*, edit.: V.N.Kudryavtsev, Moscow: Yuridicheskaya literatura, 1985, p. 15.
- 6 Avanesov G.A. *Criminology and Social Prevention*, Moscow: Izd-vo Akad. MVD SSSR, 1980, 173 p.
- 7 Shargorodskiy M.D. *Crime, its causes and conditions in a socialist society*, Leningrad: Lenizdat, 1966, 30 p.
- 8 Starkov O.V. *Prison crime. Criminology*, Moscow: Shit-M, 1999, p. 655.
- 9 Mikhlin A.S. *Person sentenced to imprisonment and the problems of their correction and reeducation*, Frunze: Kyrgyzstan, 1980, 150 p.
- 10 Petrov E.I. *Organization of the internal affairs bodies for the prevention of Crimes: textbook*, edit.: V.D. Malkov, A.F. Tokarev, Moscow: Akademiya upravleniya MVD Rossii, 2000, p. 122.
- 11 «The concept of improving the penal policy in the Republic of Kazakhstan for 2007–2015» Presidential Decree of 25 September, 2006, 906, [ER]. Access mode: http://adilet.zan.kz/rus/docs/P060000906_
- 12 Abikanov E. *Crime prevention*, 2005, 3, p. 43–46.
- 13 Khokhryakov G.F. *Criminology*, Moscow: Yurist', 2000, p. 201.

Репозиторий Қарғу